

**БАС/ ГОЛОВА/ HEAD КОНЦЕПТІСІНІҢ ҚАЗАҚ, ОРЫС, АҒЫЛШЫН
ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРІНДЕГІ ҚОЛДАНЫСЫ**

***А.С. Исакова¹, Н.Н. Зеркина², Ж.Б.Саткенова³**

¹Есенов университеті, Ақтау қ., Қазақстан

e-mail: assylymay.issakova@yu.edu.kz

²Г.И. Носов ат. Магнитогорск мемлекеттік техникалық университеті,

Магнитогорск қ.,Ресей

e-mail: n.zerkina@magtu.ru

³Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

e-mail: zhanar_03@mail.ru

Аңдатпа. «Бас» ұғымы қазақтың мақал-мәтелдерінде жиі кездеседі, бұл оның рухани, әлеуметтік және философиялық мәнін көрсетеді: Мәселен, «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» мақалы. Негізгі мағынасын адамның пікірін, ойын, сөзін айту құқығынан ешкім айыра алмайды. Еркін ойын айтуға тыйым сала алмайды деген мағынада айтылады. Бұл жердегі «бас» - адамның басы. Бас кесілу жазасы болса да тіл кесу жазасы жоқ деген мағынаны береді. Тағы да бір мақал «Бас екеу болмай, мал екеу болмайды». Бұл жердегі «бас» ол жан басы, адам деген ұғымды білдіреді. Яғни адам үйленбей не отау құрмай мал-мүлік басы жиналып болмайды деген мағынада айтылады.

«Бас» ұғымының символдық мәні де қаралық. Бастың Рухани және мифологиялық қырлары: “Бас” ұғымы қазақтың аңыз-әңгімелерінде рухани биліктің, даналықтың символы ретінде қарастырылады. Бас киімнің қасиеттілігі: бас киімге қатысты тыйымдар (бас киімді басқа адамға бермеу, жерге тастамау) – адамның абыройын, рухани тазалығын қорғайтын символ. Көшбасшылық пен ұлттың символы: Қазақ халқының дәстүрінде хан немесе көшбасшыны “елдің басы” деп атаған.

Түйін сөздер: фразеологизм, концепт, салғастырмалы лингвистика, бас, голова, head концептісі, лингвомәдениеттану.

Кіріспе. Көптеген ғылыми еңбектерді талқылау нәтижесінде қазақ тіліндегі тұрақты тіркестер туралы алғашқы еңбектердің 40-жылдардан кейін жарық көре бастағанын айқындадық. Қазақ фразеологиясының тіл ғылымының бір саласы ретінде қалыптасып, дамуы және зерттелуі академик І.Кеңесбаевтың есімімен тығыз байланысты. Ғалымның қазақ фразеологиясы туралы зерттеулері «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» деген еңбегінде көрініс тапқан. Ол сонау 40-жылдардан кейін-ақ түркітануда фразеология, фразеологиялық тіркестер, табиғаты жөнінде ғылыми түсінік қалыптастырады. Оның көлемі зерттеулерінен соң, бірсыпыра түркі тілдес халықтар тіліндегі түрлі фразеологизмдерді талдап, даму бағытын саралау өзге ұлттардағы тілші ғалымдардың үлесіне тиді.

Зерттеу материалдары мен әдістері. І.Кеңесбаевтың 1977 жылы «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінің» шығуы тек қана қазақ тіліндегі үлкен жетістік қана емес, туыстас тілдер үшін де көш бастағанын атап кету керек.

І.Кеңесбаев фразеологияны тілді құрамды бөлшектерінен, тіл ярустарынан бөліп алмайды, тілдің сол бөлшектерінен түбірлі айырмасын, бас белгілерін анықтайды. Онда 10000 фразеологиялық тіркес қамтылған. Мұнда тұрақты тіркестер туралы маңызды теориялық негіздемелер берілген. Қазақ тілі білімінде І. Кеңесбаев фразеологизмдерді танып білудің басты үш белгісін атайды. Олар:

- 1) қолдану тиынақтылығы;
- 2) мағына тұтастығы;

3) тіркес тиянақтылығы.

Осы үш критерийді бір-бірінен бөліп алмай, тұтасымен басты арқау еткенде ғана тұрақты тіркестердің ерекше белгілерін тани аламыз [1].

Тұрақты сөз тіркестерін зерттеуді кең және тар ұғымда түсінуде ғалымдар пікірі әр түрлі. Бірқатар зерттеушілер (І. Кеңесбаев, Ш. Рахматуллаев, Г. Байрамов, З. Ураксин) тұрақты сөз тіркестерін тар ұғымда түсінуді ұсынады. Кезінде академик І. Кеңесбаев қос сөздерді фразеологизмдер қатарына енгізген. Зерттеуші Ш. Рахматуллаев «фразеологияның бай материалдарын жан-жақты және терең оқып білгеннен кейін, тұрақты сөз тіркестерін, сірә, тар ұғымда түсінген дұрыс» деген пікір айтады. Дәл осы ойды А.А. Юлдашев та қолдап: «фразеологияның объектісін тар ұғымда түсінгенде «азды-көпті» зерттеу мақсаты айқындалып, оның ішінде бөлінбейтін лексикалық единицалар мақал-мәтелдер, нақыл сөздер мен қанатты сөздер тұрақты сөз тіркестеріне жатпайды» деп қуаттайды.

Когнитивтік лингвистика мен фразеологияның байланысы — бұл тіл мен ойлау, таным процестерінің өзара әрекеттесуін зерттейтін маңызды сала. Когнитивтік лингвистика ХХ ғасырдың екінші жартысында туындаған. Когнитивтік лингвистика — тілді ақпараттың бейнеленуі мен өзгертілуіне қатысатын, белгілер жүйесінің когнитивтік құралы және жалпы танымдық механизм ретінде негізге алатын лингвистикалық бағыт [2, 53 б.]. Когнитивтік лингвистика тіл мен ойлаудың тығыз байланысын қарастырады, ал фразеология тілдің тұрақты сөз тіркестері мен тіркестік бірліктерін зерттейді. Бұл екі саланың арасында тікелей байланыс бар, себебі фразеологизмдер адамның ойлау жүйесі мен әлемді қабылдау тәсілін көрсетеді, ал когнитивтік лингвистика бұл байланыстарды зерттейді.

Қазақстандағы фразеологиялық зерттеулерді мынадай бөлімдерге бөлуге болады:

1) салыстырмалы-тарихи фразеологиялық зерттеулер (І.Кеңесбаев, М.Балақаев, Ғ.Қалиев, Ә.Қайдаров, Ә.Болғанбаев, Копыленко М.М., т.б.)

2) салыстырмалы-салғастырмалы фразеологиялық зерттеулер (Мықтыбаева Т., Исабеков С. Е., Смағұлова Г.Н., Оспанова Ф.А., Арғынғазина Ш.Б. т.б.)

3) этнолингвистикалық/лингвомәдени фразеологиялық зерттеулер (Дүкембай Г.Н., Қожахметова Х., Жайсақова Р.Е., Қожахметова Ш.О., Сабитова М.Т. т.б.)

4) когнитивтік фразеологиялық зерттеулер

(Дүйсекова К.К., Исабеков С.Е., Сагинтаева А.К., Жанпеисова Н.М. т.б.)

Зерттеу нәтижелері. Тіл – адамзаттың ойлау қабілетін, мәдениетін және дүниетанымын бейнелейтін негізгі құрал. Тілдегі тұрақты тіркестер мен фразеологизмдер қоғамның тарихи, мәдени және рухани құндылықтарының көрінісі ретінде ерекше орын алады. Фразеологизмдер тек тілдің стилистикалық көркемдігін арттырып қана қоймай, сол тілде сөйлеуші халықтың дүниетанымы мен ұлттық ерекшеліктерін бейнелейді. 1990 жылы жарияланған «Лингвистикалық энциклопедиялық сөздікте»: «Фразеологизм дегеніміз формасы жағынан синтаксистік құрылымдармен ұқсас, бірақ олардай жалпы заңдылыққа сай сөйлеу кезінде жасалмай, даяр қалпында қайталап қолданылатын, семантикалық және лексика-грамматикалық құрамы тұрақты сөз тіркестері мен сөйлемшелер» деп анықтама берген. [3, 559 б.] «Фразеологизмдер – құрамы жағынан тұрақтылығымен «дап-дайын» күйде кездесетіндігімен, кез келген тұста қолдана беруге болмайтын талғампаздығымен, мағына-мазмұн тереңдігімен, бейнелілігімен ерекшеленіп тұратын тілдік құбылыс» деп пікір білдіреді филология ғылымдарының кандидаты Ғарифолла Әнес. Жалпы фразеология терминін біз екі мағынада қолданамыз. Бірінші, тілдің фразеологиялық құрамын зерттейтін саласы, екіншісі фразеологиялық жинақ. Қазақ тілінде жарық көрген еңбектердің авторлары І.К. Кеңесбаев, Ө.А. Айтбаев, А. Ысқақов, Ш. Рахматуллаев, Г. Байрамов, З. Ураксин, А.А. Юлдашев, С.Н. Мұратов, І. Х. Ахунзянов, Г. Смағұлова, Т. Сайрамбаев Р.Е. Жайсақова, С.Е. Исабеков, М. Сабитова, С. Жетпісов, Л.С. Войтик, Ж.К. Қонақбаева, Д. Медербек, С.Н. Мұратов, А.Е. Тажмұратова, М.Т. Тезекбаев, З.Г. Ураксин, С. Сатенова, Ф.Р. Ахметжанова, Б. Уызбаева, К. Рыспаева, Г. Боранбаева, М. Балақаев, Х. Қожахметова, Т. Қордабаев т.б. Бұл ғалымдар фразеологизмді жан-жақты зерттеп, оның түрлерін, мағыналық жағынан бөліну

ерекшеліктерін, грамматикалық, лексико-семантикалық жағынан ажыратылуын, салаларын, фразеологиялық құбылыс заңдылықтарын анықтаған.

Жоғарыда аты аталған тілші ғалымдар “Бас” ұғымын тек дене мүшесі ретінде емес, сонымен қатар адамның рухани әлемі, әлеуметтік рөлі, мәдени құндылықтары, дүниетанымы тұрғысынан жан-жақты зерттеген. Бұл ғалымдардың еңбектері қазақ тіл біліміндегі осы тақырыптың ауқымдылығын көрсетеді. Жазылған еңбектерінде “бас” ұғымының метафоралық, фразеологиялық, танымдық және символдық қырлар жан-жақты талданған. Әр ғалымның еңбегі “бас” сөзін белгілі бір аспектіден зерттеуге арналған, бұл қазақ тіл білімінде “бас” ұғымының маңызды орнын көрсетеді.

Осы «Бас» сөзіне орай қазақ тіліндегі қомақты еңбек – «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігін» І.Кеңесбаев жинақтап 152 фразема берілген. Оның ішінде «Бас» (адамның басына) қатысты 130 тұрақты сөз тіркесі бар. Ол сөз тіркестерінің мағынасына, және қандай уақытта, қандай жағдайда, қалай қолданылатыны туралы жобамыздың негізгі бөлігінде толығырақ тоқталдық.

Қазіргі таңда орыс тілінде концептуалды зерттеулер жүргізуді тереңдету қажеттілігінің маңызы анықталды. Когнитивтік лингвистиканың мақсаты – ғалам туралы білім түрлерін анықтау болса, ал концепт оның негізгі бірлігі саналады. Концепт өте күрделі құбылыс. Тілдегі әр концептінің құрылысы бір-бірімен ұқсас бола бермейді. Себебі концептінің түрі мен жіктелімі, олардың қолданылу аясы, ұжымдық санада қалыптасу деңгейі, концептуалды және менталды кеңістіктегі орны, лингвомәдени маркерленуі әралуан. Сол себепті концептіні зерттеу жыл өткен сайын тереңірек үңілуді, концептіні зерттеуге арналған әдіс-тәсілдерді жаңартуды ұстанады. Қазіргі уақытта Ресей тіл білімінде лингвоконцептологияның төрт қалыптасқан мектебі концептіні жан-жақты зерттейді. Воронеж мектебінің лингвист ғалымдары (З.Д. Попова, И.А. Стернин) концепт құрылымының когнитивтік классификаторлар немесе когнитивтік белгілер арқылы қалыптасатындығын тілге тиек ете отырып, оның бірнеше қабаттан тұратындығын алға тартады. Тілдегі мәдени концептілерді және әртүрлі мәдени қоғамдарға жататын тілдік тұлғалардың мәдениетаралық қарым-қатынасын зерттеуді көздейтін Краснодар мектебінде (С.Г. Воркачев) лингвомәдени концептология деп аталатын жаңа бағыт дамыған. Лингвомәдени концептілердің ерекшеліктерін зерттеуге бағытталған Волгоград мектебінің өкілдері (В.И. Карасик, Г.Г. Слышкин) лингвомәдени концептілер құндылық, бейнелік және тұжырымдамалық сияқты құрамдас бөліктерден тұрады деген пікірге тоқталып, құндылық құрамдас бөлігі концептінің орталығы болып табылатындығын дәлелдейді. Құндылық лингвомәдени концептіні когнитивтік концептіден, фреймнен, ұғымдар мен басқа да менталды бірліктерден ерекшелейтін құрамдас бөлігі болып табылады. Әлемнің тілдік бейнесіне қатысты зерттеулерімен танымал Кемерово концептуалдық мектебінде (М.В. Пименова) адамның ішкі әлемін бейнелейтін концептілерді зерттеу әдістері жолға қойған. Концептуалды зерттеу жүргізуде сөздің лексикалық мағынасы мен этимологиялық және лексикографиялық талдау, сөздің синонимдік қатарын анықтау, әлемнің тілдік бейнесінде концептінің катеориизациялану қабілетін анықтау, концептуалды метафоралар мен сценарийлерді талдау жүзеге асырылады. [4]

Әрі қарай тағдыр мен сынақ мағынасындағы «Бас» сөзін қарастырайық. Бұл жердегі бас - адам өміріндегі қиыншылықтарды немесе өмірлік жағдайларды сипаттайды. Мысалы: Басына іс түсу, бас қайғы болу, басына бұлт төнді (айналды), басына қауіп-қатер төнді, басына бәле жауды, басына ғаріпшілік түсті деген тіркестерді айтуға болады. Мағынасы мұқтаждыққа ұшырады, ауыр қалға тап болды. Жағдайы нашарлап, мүшкіл хәлге түсті. Жағымсыз жағдайға тап болды дегенді білдіреді.

Оған дәлел мына өлең шумағынан үзінді:

Ата ұлының баласы
Асыл ерге малың бер,
Малың бер де басын қос,
Басыңа тарлық түскенде

Ардақтаған әділ жанын аяр ма? (М.Өтемісұлы) «Басына тарлық түскенде» яғни мағынасы басына қиыншылық түскенде, таршылық күндер болғанда деген мағынаны білдіреді.

Келесі «бас» ұғымының киелі және символикалық мәнін қарастырайық: «Бас» қазақ дүниетанымында, түсінігінде қасиетті ұғым саналады. Бас киімді құрметтеу, аяқ астына тастамау сияқты дәстүрлер осының дәлелі бола алады.

«Бас» ұғымы қазақтың мақал-мәтелдерінде жиі кездеседі, бұл оның рухани, әлеуметтік және философиялық мәнін көрсетеді: Мәселен, «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» мақалы. Негізгі мағынасын адамның пікірін, ойын, сөзін айту құқығынан ешкім айыра алмайды. Еркін ойын айтуға тыйым сала алмайды деген мағынада айтылады. Бұл жердегі «бас» - адамның басы. Бас кесілу жазасы болса да тіл кесу жазасы жоқ деген мағынаны береді. Тағы да бір мақал «Бас екеу болмай, мал екеу болмайды». Бұл жердегі «бас» ол жан басы, адам деген ұғымды білдіреді. Яғни адам үйленбей не отау құрмай мал-мүлік басы жиналып болмайды деген мағынада айтылады.

«Бас» ұғымының символдық мәні де қаралық. Бастың Рухани және мифологиялық қырлары: “Бас” ұғымы қазақтың аңыз-әңгімелерінде рухани биліктің, даналықтың символы ретінде қарастырылады. Бас киімнің қасиеттілігі: бас киімге қатысты тыйымдар (бас киімді басқа адамға бермеу, жерге тастамау) – адамның абыройын, рухани тазалығын қорғайтын символ. Көшбасшылық пен ұлттың символы: Қазақ халқының дәстүрінде хан немесе көшбасшыны “елдің басы” деп атаған.

«Басқа» қатысты фразеологизмдерді жинақтап, олардың мағынасын ашып жазып және қазақ әдебиетіндегі көркем шығармалардан мысал келтіріп толық талдаған тілші ғалым І.Кеңесбаевтың сөздігіндегі фразеологизмдерді өзара топтастырдық. Сөздікте таза басқа қатысты 130 тұрақты тіркес бар.

Олардың ішінде бастың амандығын білдіретін фразеологизмдер мыналар: бас аман болсын; бас аманда; басқа келген пәледен; бастан құлақ садаға; басының садағасы; басы аман, бауыры бүтін; басы жұмыр пенде т.б. Бұлардың барлығы да адам басының нақтырақ айтқаны жанының, өмірінің амандығы туралы айтатын уақытта қолданылады. Дені сау, аман-есен жүрген кезде, хал сұрасқан кезде айтылады. Немесе бір үлкен бәлеге тап болып, малынан, дүние-мүлкінен айырылған уақытта, бастысы «адам басы» аман қалды деп те шүкіршілік етіп, тәубесіне келген уақытта да қолданылады.

Сонымен қатар адам өміріне қиын сәттер түскенде, сол қиындыққа көндіккенде мынадай тұрақты тіркестер қолданылады: басқа қысым түсті; басқа түссе, баспақшы; басқа түсті; басына іс түсті; басына бәле жауды; бас қайғы болды, басына бұлт төнді (айналды); басына қауіп-қатер төнді; басына ғаріпшілік түсті және т.б.

Басқа қатысты тағы адам мінездерін де сипаттайтын фразеологизмдер бар. Олардың легі құрамында «бас» сөзі болса да адами қасиеттерден, қабілеттерден хабар береді. Мәселен: басқа шауып, төске өрледі; басқа шықты; бас асау; бас (бой) бермеді; бас бұзар; бас кесер; бас көтерді; басқа, көзге төпеледі; басқа тепті; басқа шықты; басқа ұрды; басы ашық; басы жұмыр пенде; басына шықты т.б. Бұл тіркестердің барлығы да мінезі асау, мінезі қиын, ауыр. Айтқанға бірден көне қоймайтын адам мінездерін сипаттайды. Арасында асау мінезділерден бөлек, жұмсақ мінездерді де айтады.

Ендігі фразеологизмдер басшылық етті, билікті өз қолына алды, көш бастады, билік етті деген мағыналарды білдіретін тұрақты тіркестер. Олар мыналар: басында дәурені тұрды; басына әңгір таяқ орнатты; басқа шықты; бас көтерді; бас көрсетті; бас көз болды; бас болды т.б.

Қазақ фразеологизмдеріндегі «бас» концептісінің көрінісі

№	Тұрақты сөз тіркесі	Мағынасы
1.	Бас қойды	1) Құныға ішіп-жей бастады. 2) Жатып тынығып алды, ұйықтады деген мағына.

2.	Бас қосты. Басы құралды:	1) Бір жерге жиналды, мәжіліс құрып, кеңесті. 2) Бірігіп тұрмыс құрды, үйлі-баранды болды.
3.	Бас құда	Жолы үлкен құда. Немесе жаңадан құда болып жатырған әулеттің үлкен ер азаматын атайды.
4.	Бас құсты	Диалект. Егін сабақ шығарды, жайқалып өсті деген сөз.
5.	Бас мама бие	Үйірдегі кексе бие, өрбіген ұрпағы үйірде көп биені осылай атайды.
6.	Бас паналады	Өз басын бөледен қорғады, өзін аман сақтады, тығыла тұрды деген мағына.
7.	Бас садаға	Бастан құлақ садаға; аман қалғанға құдайға шүкіршілік айту кезінде айтылады.
8.	Бас салды	Мәселенің мән-жайына қарамады, олай-бұлайға қаратпады, бұлтарпады, шап беріп ұстай алды деген сөз.
9.	Бас сауға сұрады/Бас сауғалады	Бас амандығын, құтылуын тіледі. / Қара басының қамын ойлады, жеке басын қорғады.
10.	Бас сұқты	1) Бір жерге барды, кіріп аялдады не кідірді; 2) Өзгенің ісіне көлденеңнен кірісті, араласты.
11.	Бастан асады	Өте көп, толып жатыр деген мағынады айтылады.
12.	Бастан-аяқ	Басынан аяғына дейін, барлығы, бүкіл, толық деген мағынаны білдіреді.
13.	Бастан бағын тайғызды	Бағынан айырылды, бақытсыздыққа ұшырады деген сөз.
14.	Бастан ерік кетті	Тәуелді болды, бағынышты халге түсті.
15.	Бастан кешті (өткізді)	Өмірде көргені көп, өмірдің ыстық-суығын қатар көрді деген мағынада қолданылады.

Орыс фразеологизмдеріндегі «голова» концептісінің көрінісі

«С головой выдаёт» фразеологизмінің мағынасы адамның қалауынсыз, өз еркінсіз ерекшеліктерін көрсету дегенді білдіреді.

-По своей энергии, работоспособности Яковлев может дать фору иным куда более молодым. И лишь воспоминания о сороковых годах выдают фронтовика с головой. [Корпус Публ.]

-Тенор легко справляется с высоченной тесситурой партии Эрнеста, но певческая манера с головой выдает в нем ученика русской школы. [Корпус Публ.]

-Суперкомплект Автомат Калашникова в новой, современной комплектации предлагает любителям стиля «милитари» и «халаявной» музыки одна из британских компаний, квартирующая в Букингэмпшире. Нетрадиционный подход к делу с головой выдает соотечественников – как оказалось, ее соучредителями является группа российских бизнесменов. [Бизнес-журнал]

«Голову оторвать; башку оторвать, голову/ башку оторвёт» тура мағынада басын жұлып алу деп аударамыз. Бұл фразеологизмді адамды қандай да бір қателігі үшін жазалаған кезде қолданамыз. «Голову / башку оторву» фразеологизмі қоқан-лоқы көрсету мақсатында айтылады.

-По прошлому опыту я знал, что некоторые гениалиссимусы так обожают свои высказывания, что несогласным готовы голову оторвать. [В. Войнович. Москва]

-В комнате никого не было. В сумеречном свете я увидел на полу свою подушку и барахло, рухнувшее с вешалки. Бабка голову оторвет, подумал я и вскочил. [А. и Б. Стругацкие. Понедельник начинается в субботу]

-Ты, бес, это... совершенно раздухарился, – грозно сказал Маско. – Если ты, в натуре, не возьмешь себя в руки, то я тебе голову оторву! [В. Пьецух. Анамнез и эпикриз]

-Положи трубку, а то я те *голову оторву*, – почти ласково сказал Роман брату, осторожно выходя из-за портьеры. [Корпус Детект.]

«Больной на [всю] голову» фразеологизмі теріс пікірде болу деген мағына береді.

-Морковины жили на краю деревни, у леса, рядом с кладбищем. Это были две молодые девки – одна уже с малым, неизвестно от кого нажитым в войну, другая также незамужняя, *больная на голову*... [В. Быков. На болотной стежке]

-Именно. Я доверяю вам свои беды и печали. В надежде, что мне станет легче на душе. – Ты больной на голову? – Нет-нет, я практически здоров. [А. Инин. Телефон доверия]

-Подумайте сами, какой не больной на голову геолог вдруг бросит всё и пойдет работать шофером грузовика? Невообразимо! [Корпус Публ.]

-Только он, помоему, больной. *На голову*. – Да все вы тут больные на голову... – сказала Валя. – С вами всеми разбираться надо. [Корпус РусПроз.]

Ағылшын тілінде «**head**» компоненті адамның жеке қасиеттерін, қабілеттерін бейнелеуге көп қолданылады (Have a head for numbers – математикалық қабілеті болу), ал қазақ тілінде «бас» көбінесе ұжымдық әрекетті білдіреді («Бас қосу» – жиналу).

Ағылшын фразеологизмдеріндегі «head» концептісінің көрінісі

№	Тұрақты сөз тіркесі	Мағынасы
1.	Use your head	Ақылды болу, ойлану. Мысалы: You should use your head to solve this problem. (Бұл мәселені шешу үшін ақылыңды қолдануың керек.)
2.	Lose your head	Сабырсыздану немесе эмоцияға беріліп, дұрыс шешім қабылдай алмау. Мысалы: Don't lose your head in stressful situations. (Қиын жағдайда өзіңді жоғалтпа.)
3.	Keep your head above water	Қиындықтарға қарамастан аман қалуға тырысу. Мысалы: I'm working two jobs just to keep my head above water. (Мен екі жұмысты қатар істеп, тек өмір сүріп жүрмін.)
4.	Turn heads	Адамдардың назарын аудару, таңдандыру. Мысалы: Her beautiful dress turned heads at the party. (Оның әдемі көйлегі кеште барлығын таңдандырды.)
5.	Over your head	Бір нәрсені түсінбеу немесе тым қиын болып көріну. Мысалы: The math problem was way over my head. (Математика тапсырмасы мен үшін тым қиын болды.)
6.	Get it into your head	Бір нәрсені түсіну немесе қабылдау. Мысалы: When will you get it into your head that lying is wrong? (Саған өтірік айту қате екенін түсінген қашан?)
7.	Bury your head in the sand	Мәселеден қашу, оны шешуден бас тарту. Мысалы: Stop burying your head in the sand and face the facts. (Мәселеден қашпай, фактілерді қабылда.)
8.	Head over heels	Қатты ғашық болу. Мысалы: He's head over heels in love with her. (Ол оған қатты ғашық.)
9.	Off the top of your head	Бірден, дайындықсыз жауап беру. Мысалы: Off the top of my head, I'd say there are about 50 people in the room. (Дайындықсыз айтсам, бөлмеде шамамен 50 адам бар.)
10.	Go to someone's head	Табыс адамның өзін жоғары санауына әкелу.

	Мысалы: Don't let the success go to your head. (Табысыңды тәкаппарлыққа айналдырма.)
--	--

Қорытынды. Қазақша, орысша және ағылшынша фразеологизмдерді білу – тек тілдік білімді емес, мәдениетаралық қарым-қатынасты, ұлттық болмысты және ой-өрісті кеңейтудің маңызды қадамы. Үш тілде де фразеологизмдерді білу ұлттық мәдениетті тануға үлкен септігін тигізеді. Себебі әр халықтың фразеологизмдерінде сол ұлттың дүниетанымы, салт-дәстүрі, өмір салты көрініс табады. Бүгінгі жаһандану дәуірінде бірнеше тіл білу – қажеттілік. Фразеологизмдерді меңгеру тіл үйренуді жеңілдетеді, өйткені олар белгілі бір ұғымды толық және бейнелі жеткізеді. Мысалы, ағылшынша «Break the ice» тіркесін білмей, оның тура аудармасынан мағына түсіну қиын болар еді. Мұндай тіркестерді білу тек тілдік шеберлікті емес, шет тілінде еркін қарым-қатынас орнатуды да жеңілдетеді. Сонымен қатар фразеологизмдер адамның ой-өрісті дамытады. Адамның сөйлеуін байытады, ойлау қабілетін тереңдетеді. Бір тілдегі тұрақты тіркестерді екінші тілдегі баламасымен салыстыру логикалық және шығармашылық ойлауды дамытады. Мысалы, қазақтың «Басы бар тіркесінің орысша баламасы «Светлая голова, с головой» ал ағылшынша «Use your» дегенге жақын. Үшеуін түсініп, ұқсастығы мен айырмашылығын ажырату ойлау қабілетін арттырады. Және фразеологизмдер әлеуметтік байланысты нығайтуға жәрдемдеседі. Фразеологизмдер – халықтың ортақ мәдени коды. Оларды білу басқа ұлт өкілдерімен жақсы қарым-қатынас орнатуға көмектеседі. Қазақ, орыс, ағылшын тілдерін қатар меңгерген адам әртүрлі мәдени ортада өзін еркін сезініп, өз ойын бейнелі әрі әсерлі жеткізе алады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы, 1991. -245 б.
2. Краткий словарь когнитивных терминов. Под ред. Е.С. Кубряковой. М.: фил.ф. им. М. В. Ломоносова, 1997–245 с.
3. Лингвистический энциклопедический словарь. Москва, 1990. 559 бет.
4. <file:///C:/Users/49-17/Downloads/802-2747-1-PB.pdf>
5. Қалиев Ғ, Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Алматы: «Сөздік- Словарь», 2006. - 264 бет
6. Лихачев Д.С. Концептосфера русского языка // Русская словесность: антология. М.: Академия, 1997. С. 280-287
7. Amosova N.N. Fundamentals of English phraseology. -L; LGU, 1963. -208 p.
8. Ginzburg R., Knidekel S., Mednikova E., Sankin A. Verbal collocations in Modern English. -M, 1975. -125 p.
9. Kunin A.V. Anglo-russkiy frazeologicheskiy slovar: Ok. 20000 frazeol. edinits G`A.V.Kunin. M.: Rus. yaz., 1984.- 942 s.
10. Cambridge Idioms Dictionary / Oxford Idioms Dictionary Jennifer Speake, “The Oxford Dictionary of Idioms
11. V. Teliya, N. Bragina, E. Oparina, I. Sandomirskaya. Phraseology as a language of culture: its role in the representation of a collective mentality in Cowie (ed.) 1998.-55 p.
12. Lakoff, George, and Mark Johnson. Metaphors We Live By. Chicago: University of Chicago Press, 1980.
13. Crystal, David. The Cambridge Encyclopedia of the English Language. Cambridge University Press, 2003.

REFERENCES

1. Iskakov A. Modern Kazakh language. Morphology. - Almaty, 1991.-245 p.
2. Kratsky Dictionary of cognitive terms. Ed. E. S. Kubryakovoy. M.: Phil.F. im. M. V. Lomonosova, 1997.-245 p.

3. linguistic encyclopedic dictionary. Moscow, 1990.-559 p.
4. file:///C:/Users/49-17/Downloads/802-2747-1-PB.pdf
5. Kaliyev G. Bolganbayev A. lexicology and phraseology of the modern Kazakh language. Almaty: "Dictionary-Dictionary", 2006. - 264 p.
6. Likhachev D. S. Conceptosphere of the Russian language // Russian language: anthology. M.: Academy, 1997.-P. 280-287
7. Amosova N.N. Fundamentals of English phraseology. -L; LGU, 1963. -208 p.
8. Ginzburg R., Knidekel S., Mednikova E., Sankin A. Verbal collocations in Modern English. -M, 1975. -125 p.
9. Kunin A.V. Anglo-russkiy frazeologicheskiy slovar: Ok. 20000 frazeol. edinit G`A.V.Kunin. M.: Rus. yaz., 1984.- 942 s.
10. Cambridge Idioms Dictionary / Oxford Idioms Dictionary Jennifer Speake, "The Oxford Dictionary of Idioms
11. V. Teliya, N. Bragina, E. Oparina, I. Sandomirskaya. Phraseology as a language of culture: its role in the representation of a collective mentality in Cowie (ed.) 1998.-55 p.
12. Lakoff, George, and Mark Johnson. Metaphors We Live By. Chicago: University of Chicago Press, 1980.
13. Crystal, David. The Cambridge Encyclopedia of the English Language. Cambridge University Press, 2003.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ КОНЦЕПТА БАС/ГОЛОВА/HEAD В КАЗАХСКИХ, РУССКИХ И АНГЛИЙСКИХ ФРАЗЕОЛОГИЗМАХ

¹Исакова А. С., ²Зеркина Н. Н., ³Саткенова Ж. Б.,

¹Университет Есенова г. Актау, Казахстан

e-mail: assylymay.issakova@yu.edu.kz

²Магнитогорский государственный технический университет имени Г.И. Носова,
г. Магнитогорск, Россия

e-mail: n.zerkina@magtu.ru

³Казахский Национальный университет имени аль-Фараби г. Алматы, Казахстан
e-mail: zhanar_03@mail.ru

Аннотация. Понятие «бас» часто встречается в казахских пословицах и поговорках, что отражает его духовную, социальную и философскую сущность: например, пословица «Нет языка, нет языка». Никто не может лишить основной смысл права человека высказывать свое мнение, игру, слово. «Бас» - голова человека. Даже если есть наказание за обезглавливание, язык означает, что нет наказания за обезглавливание. Другая пословица гласит: «Нет двух голов, нет двух животных». «Бас» означает душа человека. Духовные и мифологические аспекты головы: понятие «голова» рассматривается в казахских сказаниях как символ духовной власти, мудрости. Святость головного убора: запреты на головной убор (не отдавать головной убор другому человеку, не бросать его на землю) – символ, защищающий достоинство, духовную чистоту человека. Символ лидерства и нации.

Ключевые слова: фразеологизм, концепт, сравнительная лингвистика, бас, голов, концепт head, лингвокультуралогия.

THE USE OF THE CONCEPT OF БАС/ГОЛОВА/ HEAD IN KAZAKH, RUSSIAN, ENGLISH PHRASEOLOGISMS

Issakova Assylymay¹, Natalya Zerkina², Satkenova Zhanar³,

¹Yessenov University, Aktau, Kazakhstan

e-mail: assylymay.issakova@yu.edu.kz

²Nosov Magnitogorsk State Technical University, Magnitogorsk, Russia

e-mail: n.zerkina@magtu.ru

³Al-Farabi Kazakh National University Almaty, Kazakhstan

e-mail: zhanar_03@mail.ru

Abstract. The concept of "head" is often found in Kazakh Proverbs, reflecting its spiritual, social and philosophical meaning: for example, the proverb "even if the head is kespek, the language is not kespek". No one can deprive a person of the right to express his opinion, thoughts, words of the main meaning. It is said in the sense that a free game cannot prohibit speech. The "head" in this place is the head of a person. Although beheading is a punishment, the tongue means that there is no punishment for beheading. Another proverb is "there are no two heads, and there are no two cattle." The "head" in this place means the concept that it is the head of the soul, a person. In other words, it is said that a person cannot accumulate property without getting married or getting married. We also consider the symbolic meaning of the concept of "head". Spiritual and mythological aspects of the head: the concept of "head" is considered in Kazakh legends as a symbol of spiritual power, wisdom. The sanctity of the headdress: prohibitions regarding the headdress (do not give the headdress to another person, do not throw it on the ground) is a symbol that protects the dignity, spiritual purity of a person. A symbol of leadership and the nation

Key words: phraseology, concept, comparative linguistics, head, golova, head concept, linguoculturology.